

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИДЕОЛОГИЯСЫ

Қазақ елі – дербестігін әлем мойындаған, бүгінде «Мәңгілік Ел» идеясымен қаруланған Ұлы Дала елі. Егемен мемлекет болып, аяққа нық тұрған ширек ғасыр ішінде тәуелсіздігімізді ту етіп, бірлігі жарасқан ұлт болып баянды тарихымызды жаздық. Қасиетті Ұлы Дала төсінде күні кеше Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын атап өткеніміз де елдігіміздің нақты көрінісі екені анық. Сондықтан биыл тойланатын Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы – ең ұлық әрі ерекше мәнге ие шара болатыны сөзсіз.

Керей мен Жәнібек құрған хандық пен Абылайдың тұсындағы бейбітшілік бүгінде бірлігі бекем, қарымы қарышты тәуелсіз Қазақстанмен жалғасын тауып жатыр. Дүбірлеп өткен Қазақ хандығының 550 жылдығы алдағы аталып өтілетін Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойын ажарландыра қуаттандыратындай әсер қалдырады.

Бабалар аңсаған баға жетпес тәуелсіздігіміздің ширек ғасырға жетер жетпес шежіресі талай кітапқа азық боларлықтай халық мүддесі үшін жасалған шараларға бай.

Ең бастысы, біз елдігіміз бен ұлттығымыздан айырылмадық, тарихымыз бен көне өркениеттің көш ба-сында тұрған мәдениетімізді жандандырдық, руханиятымызды жаңғырттық, халық бірлігінің арқасында небір



сындарлы жылдардан аман өтіп, жай ғана жас мемлекет емес, әлемдік аренада өзіндік орыны бар, өзгелер тамсанатын, өзгелермен санаса алатын, мойындата білген, мәңгілік бейбітшілікті көздеген, зайырлы, біртұтас, мызғымас елге айналдық.

Осы аталған жетістіктерге жетуде халқына адал қызмет етіп, абыроймен жақсылыққа жетелеп келе жатқан Елбасының еңбегі зор. Бүгінде мұны тек қана қазақ елі емес, күллі әлем мойындайды.

Тәуелсіздік тұғырын жылдан жылға биіктету, нығайту тікелей халықтың бірлігіне, ынтымағына, отансүйгіштігіне тәуелді. ҚР Перзиденті Н.Ә. Назарбаевтың «Тәуелсіздік – біздің ең басты байлығымыз, ал дүниені дүрліктірген дағдарысты еңсеруіміз елдің бірлігінің арқасында» деуінің астарында осы ой жатыр. «Қол жұмылмай – жылынбайды» демекші, ортақ мүддеге біріккен, ұлттық рухымыз, бірлігіміз арқылы біз нағыз Мәңгілік елді қалыптастырамыз.

Жоғары технологиялардың заманы саналған ХХІ ғасырда адам құқықтары бірінші орында тұрады. Десек те, әлемді геосаяси бөлісу, жаулау, билік ету мәселесі әлі де өзекті, әлі де өміршең. Бұл жаһандық мәселе жер жаралып, су аққалы бері бар, бола беретін – қасірет.



Мұндай майданда ең бірінші, әрине рухы мен бірлігі әлсіздер жеңіледі. Оған ыңыршағы айналған Украина, даудан арылмаған Ливия, Ирак, ойранның ортасындағы Сирия мен панасыз қалған, Еуропа жағалауларын жағалаған миллиондаған босқын – нақты мысал. Бұл баршамызды азаттықтың қадірін бағалауға үндейді.

Расында, тәуелсіздікке жеткен де, жетпеген де бар. Әлемге көз тастап қарасақ, мыңдаған этностар мен саны жағынан оншақты миллионнан асып түсетін халықтар тәуелсіздікті аңсап келеді. Мұндай аңсау посткеңестік шеңберіндегі доминатқа тәуелді болып қалған автономды республикалар ғана емес, жер шарының барлық континентіне, тіпті дүние жүзін өзіне қаратқан Еуропаның мемлекеттеріне де қатысты. Мәселен, Ұлыбританияның ажырамас бөлшегі саналатын Шотландияның азаттыққа

ұмтылысы. Жан-жақты дамыған, нағыз демократияның шарықтау шегіне жеткен шотландықтар үшін үлде мен бүлде тәуелсіздіктің тәтті дәмін алмастыра алмайды деген сөз. Бұл тізімді автокөлік шығарудан көшбасшылар қатарында тұрған Бавария, футболдан алдыңғы топтағы Каталония, шарап өндіретін алпауыт Венето, туристік орталық Фландрия жалғастырып тұр. Африка елдері... Аталған мемлекеттер азаттық таңын әлі күнге дейін армандаған елдер.

Тәуелсіздік тағы бір ұлы қасиет – мемлекеттің тілімен мәңгі. Ұлттық тілді қазақтар ғана емес, өзге ұлт өкілдері де жетік біліп, мемлекеттік тіл ретінде сыйлағаны абзал.

Осы тұрғыда өскелең ұрпақты тәрбиелеуде тарихтағы батыр бабаларымызды тілге тиек ете отырып, қайсарлыққа, өжеттілікке, төзімділікке, әділеттілікке баулып, адамгершілікке, мейірімділікке туған тілімізде үйретуіміз қажет. Ұлылардың ұлт үшін жасаған қызметі, ерліктері, өткен шақтың энергетикасы туған тіл арқылы беріледі. Осы айтылған негізгі қасиеттер арқылы патриоттық сезім, Отан алдындағы жауапкершілік артады. Тілдік кодта – біздің елдігіміз, ұлттығымыз, бірегейлігіміз, өзгешелігіміз тайға таңба басқандай мөрленген. Қасиетті тілімізді жоғалту ұлт болып жойылғандығымызбен пара-пар.

Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елдермен иық тірестіруіміз





қерек. Ол үшін – білімге құрылған инновациялық Қазақстан қажет. Сондықтан ел ертеңі жастарымызды білімге талпынған патриоттық рухта тәрбиелеп, жақсы білім беруіміз абзал.

Егемен елдің ертеңі ерен, болашағы бақытты. Дербестігімен дегдар, еркіндігімен ерекше, азаттығымен абыройлы Алаш жұрты асқақтай бермек.

Тәуелсіздік мұраты – Мәңгілік Ел болуға бағыт алған еліміздің қасиетті бойтұмары болып қала беретініне келешек күә.

Тұғыр тіккен тәуелсіздігін биіктеткен мемлекетке Елбасының жасаған «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауы арқылы соны белесті көрсетті. Онда Мемлекет басшысы «Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!» деп алдағы алар асуларымызды сағымнан арылта айқындап, биылғы жылғы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойына қарай нақты жолды бастап берді. Енді біз, қалыптасқан Қазақстаннан дамыған әрі инновациялық Ұлы Дала еліне қарай, секемденбей, біртұтас мүддемен қарышты қадам басуымыз керек. Өйткені, 24 жылдың ішінде адам сенгісіз келбетпен өркендеген Қазақстанның егемендіктің 25 жылдық мерейтойынан кейін «Мәңгілік Ел» идеясы арқылы «Жаңа Қазақстаны» басталмақ...



*Д.Ж. НӨКЕТАЕВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық
университетінің ректоры*

АННОТАЦИЯ ○

Ректор Казахского государственного педагогического университета Ж. Нокетаева в своей статье рассуждает о новой идеологии Казахстана – «Мәңгілік ел». Автор рассказывает о достижениях нашей старны застоль короткий срок и призывает читателей ценить независимость и суверенитет.